

«БЕКІТІЛДІ»

«Виктория» СК» АҚ Директорлар кеңесі
2025 жылғы «13» наурыз № 07 Хаттама.

**«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ ӘУЕ КӨЛІГІ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕСІ**

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ	5
3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА.....	6
4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ.....	6
5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ	7
6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ	8
7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ	10
8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ.....	11
9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ	12
10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӨРЕКЕТТЕРІ	15
11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ	16
МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ	16
12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	18
13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ	19
14. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ	21
15. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ.....	21
16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ.....	22
17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	22

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-ІІ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және ерікті сақтандыру саласында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді, оны жүргізудің экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

1.2. «Виктория» Сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандырушы) осы Ереженің шарттарымен, заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) немесе қабілетті жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтанушы) Әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандыру шарты) жасау арқылы әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыруды жүзеге асырады.

1.3. «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 6-бабының 3-тармағының 9), 10) және 11) тармақшаларында көзделген көлік құралы иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру – тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қосқанда, көлік құралын пайдаланудың салдарынан үшінші тұлғаларға келген залалды өтеуге міндетті тұлғаның залалдың толық немесе ішінара өтемақы мөлшерінде сақтандыру төлемін төлеуін қарастыратын сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.

1.4. Егер сақтандыру шарты заңды тұлғамен жасалған болса, онда сақтандыру қорғанысы Сақтанушыға да, Сақтанушы Сақтандыру шартында көрсеткен, Сақтанушының өкімі бойынша әуе көлігін пайдаланатын соның жұмыскерлеріне де қолданылады. Сақтанушы – заңды тұлға Сақтандыру шартында соларға қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын өзге де заңды және жеке тұлғаларды көрсетуге құқылы.

Егер Сақтандыру шарты жеке тұлғамен жасалған болса, онда Сақтанушы Сақтандыру шартында көрсеткен және аталған әуе көлігін заңды негізде пайдаланатын тұлғалардың ғана, сондай-ақ Сақтанушының өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған болып табылады.

1.5. Сақтанушы Сақтандыру шартында өзге де үшінші тұлғаларды Сақтандырылушы ретінде көрсетуге құқылы.

1.6. Сақтанушының нақты қажеттіліктеріне қарай, Сақтандыру шартында осы Ереженің шарттарына сай келмейтін басқа шарттар белгіленуі де мүмкін. Сақтандыру шартының талаптары Ереженің шарттарына сәйкес келмеген кезде Сақтандыру шартының талаптары қолданылады.

1.7. Осы Ережеде қолданылатын негізгі түсініктер:

1) Сақтандыру ережелері – сақтандыру ұйымының сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша сақтандыруды жүзеге асыру шарттарын айқындайтын құжат;

2) Сақтандыру шарты – Сақтандыру ережесімен белгіленетін шарттармен Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалған Шарт, сол Шартқа сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді;

3) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын дәлірек айтқанда сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе соның пайдасына Сақтандыру шарты жасалған басқа тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сома (сақтандыру сомасы) көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндетті тұлға. Сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы туралы лицензиясы бар заңды тұлға болуы тиіс;

4) Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасаған тұлға;

5) Сақтандырылушы – соған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

6) Пайда алушы – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

7) Сақтанушының өтініші – Сақтанушының сақтандыру объектісі сипатталған және тәуекел сипаты баяндалған, басқа шарттармен қатар, белгілі бір сақтандыру объектісінің орналасқан жері, құны, күй-

жайы, сақтау немесе пайдалану тәртібі, техникалық дайындығы, сондай-ақ сапалық сипаттамалары туралы мәліметтер қамтылған жазбаша рәсімделген құжаты;

8) сақтандыру сомасы – сақтандыру объекті сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

9) франшиза – сақтандыру шартымен қарастырылған Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден азат ету жағдайы. Франшиза шартты (азайтылмайтын) және шартсыз (азайтылатын) болып келеді. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден азат етіледі, бірақ залалды толығымен өтеуі тиіс, егер оның мөлшері ол сомадан көп болса. Шартсыз франшиза кезінде залал белгіленген соманы шегере отырып, барлық жағдайда өтеледі;

10) сақтандыру сыйлықақысы – Сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру сомасын төлеу міндеттемесін өзіне алғаны үшін Сақтанушы төлеуге міндетті ақша сомасы;

11) сақтандыру жағдайы – сол оқиғаның басталуынан Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін төлеуді қарастыратын оқиға;

12) сақтандыру төлемі – Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің көлемінде Сақтанушыға (Пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы;

13) азаматтық-құқықтық жауапкершілік – азаматтық заңнамамен белгіленген, әуе көлігі иесінің немесе пайдаланушының әуе көлігін пайдалану кезінде, жолаушыларды, багажды, жүктерді, әуемен тасымалдау кезінде, аталған әуе кемесінде авиациялық жұмыстарды немесе арнайы ұшуларды жүзеге асыру кезінде жәбірленушілердің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндеті;

14) әуе кемесі – әуемен өзара әрекеттің есебінен, жердің немесе судың бетінен шағылған әуемен өзара әрекеттен басқа (атап айтқанда экрандық эффектті пайдаланбайтын), атмосферада ұшатын ұшу аппараты;

15) әуемен тасымалдаушы – меншік құқығында немесе өзге заңды негізде әуе көлігіне иелік ететін, ақылы немесе жалдау бойынша және сондайға белгіленген тәртіпте берілген рұқсаты немесе лицензиясы бар, жолаушыларды, багажды, жүктерді тасымалдау бойынша қызмет көрсететін заңды немесе жеке тұлға;

16) үшінші тұлға – Сақтанушыға талап қоюға құқығы бар жеке немесе заңды тұлға. Сақтанушының өзі, оның жұмыскерлері, сондай-ақ сақтанушының атынан әрекет ететін жеке және заңды тұлғалар үшінші тұлғаларға жатпайды;

17) жолаушы – экипаж мүшелерін қоспағанда, Әуемен тасымалдау шартына сәйкес әуе кемесінде тасымалданушы тұлға;

18) багаж – авиатасымалдаушымен келісе отырып, әуе көлігімен тасымалданушы жолаушының жеке заттары;

19) жолаушының қолындағы қол жүгі/заттар – жолаушының қолындағы тіркелмеген багаж, сондай-ақ киім-кешек және басқа заттар;

20) багаждың, жүктің зақымдануы – тасымалдау кезінде багажды, жүкті немесе багаждың, жүктің бөлігін жарамсыз күйге келтіру, соның салдарынан оларды бастапқы тағайындалуы бойынша пайдалануға мүмкін болмау (өзінің құндылығын жоғалту);

21) багажды, жүкті жоғалту – тасымалдаудағы ақаулар, ол жағдай аралық әуежайда багаждың, жүктің жоғалуы, ұрлануы, жіберу немесе жаңылыс беру салдарынан орын алған ба, жоқ па, оған қарамастан ол ақаулар кезінде Сақтанушы жеткізу үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін уәкілетті тұлғаға тасымалдау үшін қабылдаған багажды, жүкті бере алмайтын жағдай. Егер багаждың немесе жүктің жоғалғанын тасымалдаушы мойындаса немесе егер жеткізу мерзімі өткеннен кейін 7 күн ішінде ол багаж немесе жүк тасымалдау нүктесіне келіп жетпесе – тіркелген багаж немесе жүк жоғалған болып саналады;

22) жүктің иесі – соның алдында Сақтанушыға Жүкті тасымалдау туралы шарт (өзарашарт) бойынша жауапкершілік атқаратын жеке немесе заңды тұлға немесе егер ондай Шарт (өзарашарт) болмаса, әуе кемесінде мүлкі ресми түрде болған, әуе кемесіне жүктеліп жатқан немесе одан түсіріліп жатқан мүліктің иесі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

- 23) жүк – әуе кемесінің бортында тасымалданып жатқан кез келген мүлік, пошта, борттың азық-түлігі немесе жеткізіп салушысы бар және жаңылыс жіберілген багаж оған жатпайды;
- 24) әуе кемесінің ұшуы – ұшу кезінде әуе көлігінің қозғалысының басталған кезінен, немесе атқару стартында тоқтаусыз ұшу кезінде қозғалтқыштардың жұмыс режимінің артуы басталған кезден қону кезінде қозғалысы тоқтағанға дейінгі (жер бетінен көтерілген сәттен қону кезінде жер бетіне алғашқы түйісу сәтіне дейінгі) кезең;
- 25) авиациялық жұмыстар – тапсырыс берушілердің технологиялық және өндірістік үдерістерін қамтамасыз ету мақсатында шаруашылықтың жекелеген салаларында (ауыл шаруашылығында, құрылыста, экспедицияларға қызмет көрсету және т.б.), сондай-ақ эксперименталдық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын, санитарлық және табиғатты қорғау іс-шараларын жүргізу, халыққа медициналық көмек көрсету, дүлей апаттардың, апаттар мен қираулардың салдарын жою кезінде авиация құралдарымен орындалатын мамандандырылған операциялар;
- 26) авиациялық оқиға – ұшуды орындау мақсатында әуе кемесін пайдалану кезінде орын алған кеменің қалыпты жұмыс істеуінің бұзылуына байланысты, бірақ авиациялық апатқа әкеп соқтырмаған оқиға;
- 27) авиациялық апат – ұшуды орындау мақсатында әуе кемесін пайдалану кезінде орын алған кеменің қалыпты жұмыс істеуінің бұзылуына байланысты және адамдардың қазасына, әуе кемесінің едәуір зақымдануына, бұзылуына немесе жойылуына әкеп соқтырған апат;
- 28) тәуелсіз сарапшы – (интеллектуалдық меншік объектілерін, материалдық емес активтерді қоспағанда) мүлікті бағалау бойынша бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген тәртіпке сәйкес сол орган тіркеуге алған жеке немесе заңды тұлға;
- 29) екі жақты (көп жақты) сақтандыру – бір объектіні әр Сақтандырушымен дербес Шарттар бойынша бірнеше Сақтандырушыда сақтандыру.
- 1.8. Сақтанушының кез келген заңға қайшы әрекеттері сақтандыруға жатпайды.
- 1.9. Сақтандыру шартындағы (сақтандыру полисіндегі) Сақтанушының немесе оның өкілінің қолы – оның осы Ережемен толығымен келіскенін растайды.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

- 2.1. Сақтанушының әуе көлігін пайдалануына байланысты жәбірленушілер деп танылған үшінші тұлғалардың/жолаушылардың/жүк иелерінің өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне келген зиянды өтеу бойынша Сақтанушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген міндетіне байланысты оның мүліктік мүддесі – сақтандыру объекті болып табылады, атап айтқанда:
- 1) үшінші тұлғаларға (жолаушылар мен жүк иелерін қоспағанда) келтірілген зиян үшін әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі;
- 2.2. Үшінші тұлғаларға (жолаушылар мен жүк иелерін қоспағанда) зиян келтірілген кезде сақтандыру қорғанысы – үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян Сақтандыру шартында көрсетілген әуе көлігімен (соның сынықтарымен немесе бөлшектерімен) немесе содан құлаған заттармен тікелей келтірілген жағдайда қолданылады.
- 2.3. Жолаушыларды, багажды әуемен тасымалдауды жүзеге асыру немесе авиациялық жұмыстарды орындау кезінде орын алған авиациялық оқиғаның немесе авиациялық апаттың нәтижесінде жолаушыларға зиян келтірілген кезде сақтандырумен келесілер өтеледі:
- 2.4. жолаушының өміріне, денсаулығына зиян келтіру;
- 2.5. жолаушыда болған багажды немесе бұйымдарды жоғалту, олардың жетіспеуі немесе зақымдануы.
- 2.6. Жүктерді әуемен тасымалдауды жүзеге асыру немесе авиациялық жұмыстарды орындау кезінде авиациялық оқиғаның немесе авиациялық апаттың нәтижесінде жүк иелеріне зиян келтірілген кезде тасымалдауға қабылданған жүктің жоғалуы, оның жетіспеуі немесе зақымдануы сақтандырумен өтеледі.
- 2.7. Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан асып түсетін зиян өтелмейді.
- 2.8. Сақтандыру шартында екі немесе одан көп әуе кемесін пайдалану, жолаушыларды, багажды, жүктерді әуемен тасымалдау немесе екі немесе одан көп әуе кемесінде авиациялық жұмыстарды орындау кезінде Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қарастырылуы мүмкін.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА.

3.1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру шарты Тараптардың келісімімен белгіленеді және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін (лимитін) білдіреді.

3.2. Сақтандыру шартымен келесілер белгіленуі мүмкін:

1) жауапкершіліктің ортақ лимиті, атап айтқанда Сақтандыру шартының бүкіл қолданыс кезеңі үшін барлық сақтандыру жағдайлары бойынша төленген барлық сақтандыру төлемдерінің сомасы сол лимиттен аспауы тиіс;

2) әр сақтандыру жағдайы бойынша немесе бір оқиғаның нәтижесінде жағдайлар сериясы бойынша жауапкершілік лимиті.

3.3. Жауапкершілік лимиттері Тараптардың келісімімен белгіленеді. Бір сақтандыру жағдайы немесе бір оқиғаның нәтижесінде сақтандыру жағдайларының сериясы бойынша сақтандыру төлемдері Сақтандыру шартында белгіленген жауапкершілік лимиттерінен аспауы тиіс.

3.4. Сақтандыру шартында төменде көрсетілгендерге зиян келтіргені үшін жекелеген жауапкершілік лимиттерін белгілеу де қарастырылуы мүмкін:

1) жәбірленушілердің өмірі, денсаулығы – сақтандыру кезеңіндегі бір және/немесе сақтандыру жағдайлары бойынша әрбір адамға немесе бірнеше адамға, немесе жиынтығында барлық адамдарға;

2) мүлкіне зиян келтіру – сақтандыру кезеңіндегі бір және/немесе сақтандыру жағдайлары бойынша әрбір адамға немесе бірнеше адамға, немесе жиынтығында барлық адамдарға.

3.5. Сақтандыру шартында франшиза белгіленеді. Оның түрі мен мөлшері Сақтандыру шартында көрсетіледі.

4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

4.1. Сақтандыру шарты бойынша төлеу тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объекті мен сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасынан ұсталатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі. Сақтандыру сыйлықақылары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төленеді. Қазақстан Республикасының аумағында шетел валютасымен есептесу жағдайлары, тәртібі және шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

4.2. Сақтандырушы төленуі тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін белгілеу кезінде тәуекел факторларына байланысты айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне арттырылатын немесе төмендетілетін коэффициенттерді пайдалануға құқылы: әуе кемесінің шығарылған жылы, пайдалану мақсаты, қозғалтқыштардың ресурсы ұшу сағаты (атқарылған жұмыс көлемі), пайдалану жиілігі, экипаждың біліктілігі, ұшу аумағы және т.с.с.

4.3. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлеммен немесе мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеуі тиіс.

4.4. Сақтанушы Сақтандыру шартын 12 айдан аз уақытқа жасауға құқылы. Сақтандыру шартын он екі айдан аз мерзімге жасаған кезде сақтандыру сыйлықақыларының келесідей мөлшерлері белгіленеді:

Сақтандыру мерзімі	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен
1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0

6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

4.5. Егер сақтандыру жағдайы сақтандыру жарнасы кешіктіріп, сақтандыру жарнасын төлегенге дейін (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда) басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін белгілеу кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының сомасын шегеріп қалуға құқылы.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

5.1. Сақтанушының төменде көрсетілгендерді өтеу бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу факті – сақтандыру жағдайы деп танылады:

- 1) әуе көлігін пайдалану кезінде ұшу әуежайынан ұшуды орындау үшін қозғалтқышты іске қосқан сәттен бастап бару әуе жайында (транзит әуежайында) қозғалтқышты өшірген сәтке дейін үшінші тұлғалардың (жолаушылар мен жүк иелерін қоспағанда) өміріне/денсаулығына және мүлкіне тікелей әуе көлігімен, оның бөліктерімен немесе содан құлаған заттармен келтірген зиян;
- 2) әуе кемесінің жолаушысының өміріне денсаулығына әуемен тасымалдау кезінде жолаушыда болған тіркелген багаждың немесе жеке заттарының зақымдануы, жоғалуы немесе жойылуы салдарынан келтірілген зиян, әуе кемесіндегі жолаушының мүлкіне келтірілген залал;
- 3) әуемен тасымалдау кезеңінде жүктің жоғалуы, зақымдануы немесе жойылуы салдарынан жүк иесіне келтірілген залал.

5.2. Төменде көрсетілген жағдайларда орын алған авиациялық апаттың нәтижесінде жәбірленушілердің (Пайда алушылардың) өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірудің салдарынан туындайтын Сақтанушының міндеттемелері бойынша жауапкершілік тәуекелі – Сақтандыру шартының мәні болып табылады:

- 1) әуе кемесін пайдалану;
- 2) авиациялық жұмыстарды орындау.

5.3. Бір оқиғаның нәтижесінде бірнеше тұлғаға (Пайда алушыға) зиян келтіру – бір сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылады.

5.4. Егер оқиға Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде және Сақтандыру шартында айтылған аумақ шегінде орын алған болса, он ол – сақтандыру жағдайы деп танылады.

5.5. Сақтанушының төменде көрсетілгендермен байланысты шығындарының өтелуі Сақтандыру шартында қарастырылуы мүмкін:

- 1) іздеу және құтқару жұмыстарымен, ұшу-қону жолын көбікпен жүктеу және сынықтарды алып тастау жұмыстарымен байланысты;
- 2) сақтандыру жағдайына байланысты Сақтанушының сот шығындарымен (шығыстарымен) байланысты, сонымен қатар, сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын зерттеу және Сақтанушының мүддесін сотта қорғау бойынша шығыстарымен байланысты.

5.6. Сақтандыру өтемақысының және соған кіретін сақтандыру тәуекелінің нақты көлемі Сақтандыру шартын жасау кезінде Тараптардың келісімімен белгіленеді.

5.7. Сақтандыру шартында әуе кемесін арнайы пайдалану тәуекелін өтеу қосымша қарастырылуы мүмкін:

- 1) рекордтар жасауға, авиациялық техниканы көрсетуге, ұшқыштар құрамын оқытуға арналған және т.с.с. ұшу шаралары;
- 2) әуежай аумағында сүйреуді қоспағанда, кез келген тасымалдау құралдарының көмегімен әуе кемесін тасымалдау.

5.8. Егер Сақтандыру шартында екі немесе бірнеше әуе көлігі бойынша сақтандыру қарастырылған болса, онда бұл Ереженің шарттары әр әуе кемесі үшін жеке-жеке қолданылады.

5.9. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ өзіне келген залалдарды дәлелдеу міндеті Сақтанушыға жүктеледі.

6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

6.1. Осы Ереженің шарттары бойынша төмендегі жағдайлардың нәтижесінде басталған оқиғалар – сақтандыру жағдайлары болып саналмайды және сақтандыру төлемдері төленбейді:

1) Сақтанушы (Пайда алушы) оның жұмыскерлері немесе өкілдері ұшу шараларын қауіпсіз жүзеге асыру, әуе кемесін пайдалану бойынша белгіленген ережелерді, талаптарды, нұсқауларды (кеңестерді), сондай-ақ әуе кемесін қауіпсіз пайдалануға, әуе қозғалысын басқаруға, ұшу жұмыстарын ұйымдастыруға және ұшуды қамтамасыз етуге қатысты құзырлы органдардың лауазымды тұлғалары қойған талаптарды сақтамауы;

2) әуе кемесін заңнамамен тыйым салынған мақсаттарда немесе Сақтандыру шартында көрсетілмеген мақсаттарда пайдалану;

3) әуе кемесінің Сақтандыру шартында көрсетілген географиялық шектеулерден тыс аумақта болуы (форс-мажор жағдайларын қоспағанда);

4) әуе кемесін Сақтандыру шартында көрсетілмеген жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның пайдалануы немесе басқаруға уәкілеттігі және/немесе құқығы жоқ адамның басқаруы;

5) ұшу немесе қону үшін аталған әуе көлігі үшін арналған талаптарға сай келмейтін аэродромды (алауды) пайдалану, егер ол форс-мажор жағдайларға байланысты болмаса;

6) сақтандыру жағдайының нәтижесінде зақымданғаннан кейін аэродром аумағында тасымалдауды және әуе кемесін штаттағы құрылғылармен сүйреуді қоспағанда әуе кемесін кез келген көлік түрімен тасымалдау;

7) егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, әуе кемесін күрделі, апаттық жөндеуден өткізу немесе әуе кемесін күрделі және апаттық жөндеуден өткізгеннен кейін әуе кемесінің айналып ұшуы;

8) әуе кемесінің бұзық күйде ұшуы, егер ондай ұшу шарасына құзырлы органдар мен әуе кемесінің ұшуға пайдалану жөніндегі басшылық тарапынан рұқсат берілмеген болса, егер ондай ұшу шарасы жүзеге асырылса, онда ұшуды Сақтандырушымен жазбаша түрде мақұлдасу керек. Сақтандырушы бұл орайда қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы;

9) әуе кемесін техникалық қызмет көрсету регламентінің, пайдалану ережелерінің талаптарына сай пайдаланбау немесе Сақтанушының жарамды «азаматтық әуе кемесін тіркеу туралы куәлігі», «азаматтық әуе кемесін ұшуға жарамдылығы туралы куәлігі» және әуе көлігімен қауіпсіз ұшуларды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік және ведомстволық органдар талап ететін басқа да нормативтік құжаттары жоқ әуе көлігін пайдалануы;

10) асбест шаңының, асбесттің әрекеті (сол секілді жүктерді тасымалдау, жөндеу, тексеру жүргізу кезінде асбест шаңының түсуі);

11) жолаушылар саны, жүктің салмағы және габариттері бойынша әуе кемесіне жүктеудің шекті нормаларынан асырып, орталықтандыру талаптарын бұзып ұшуды жүзеге асыру.

6.2. Келесі оқиғалардың нәтижесінде кел келген зиян келтіргені үшін Сақтандырушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі – сақтандыру жағдайы болып табылмайды:

1) радиоактивті, уытты, жарылғыш немесе кез келген жарылғыш ядролық құрылғының өзге де қауіпті қасиеттері немесе оның ядролық құрамдас бөлігі;

2) иондаушы радиациядан, немесе кез келген басқа радиоактивті көзден радиоактивті зақымданудан, немесе улағыш, жарылғыш қасиеттерінен, немесе сондай радиоактивті көздің басқа да қауіпті қасиеттерінен келген залал;

3) ядролық жарылыстың әсерінен келген залал;

4) қажет көрсеткіштерді және/немесе ақпаратты лайықты түрде танитын компьютерлік және бағдарламалық қамтаманың немесе басқа ақпараттық технологиялық жабдықтың немесе жүйенің (Сақтанушының немесе кез келген басқа тұлғаның меншігіндегі) қабілетсіздігінен келген залал;

5) меншігіндегі кез келген аппараттық немесе бағдарламалық қамтаманың, немесе басқа ақпараттық технологиялық жабдықтың немесе жүйенің кез-келген өзгеруінен немесе жаңартылуынан келген залалдар;

6) Егер Сақтандыру шартында басқа шарттар көзделмеген болса, Ережеде көзделген Сақтандыру шартынан әскери тәуекелдерді, ұрлап айдап әкету немесе басқа қауіп-қатерді алып тастау туралы.

6.3. Сақтандыру қорғанысы Сақтанушының төменде көрсетілгендер туралы қойған талаптарына қолданылмайды:

1) Сақтанушының жұмыскерлері еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде олардың өміріне, денсаулығына келген зиянды өтеу туралы;

2) ұшу-көтеру мүшелерінің, қызмет көрсететін немесе өзге қызметкерлердің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келген зиянды өтеу туралы;

3) Сақтанушыға ақыға уақытша иелік ету және пайдалану (жалға алу, лизинг, прокат және т.б.), ақысыз пайдалану, сақтау, сенімгерлікпен басқару немесе кепілге берілген мүліктің зақымдануына, қирауына, жойылуына немесе бұзылуына байланысты келген зиянды өтеу туралы;

4) сақтандыру жағдайының нәтижесінде моральдық зиянды және жіберіп алған олжаны, оған кеменің тауарлық құнын жоғалтуды қоса, өтеу туралы, сондай-ақ жәбірленушінің тауарларды жеткізу немесе жұмысты орындау (қызмет көрсету) мерзімдерін, өзарашарттар (келісімшарттар) бойынша оның міндеттемелерін бұзуына байланысты тұрақсыздық төлемін өтеу туралы;

5) Тасымалдау шарттарында көзделген тұрақсыздық төлемін өтеу туралы;

6) сақтандыру қорғанысы басталғанға дейін келтірілген зиянды өтеу туралы;

7) серіктестің, акционердің, басшының мәртебесінен туындайтын.

6.4. Осы Ереженің шарттарына сәйкес келесі жағдайлардың салдарынан жолаушылардың мүлкіне келтірілген зиян өтелмейді:

1) салмақтың, көлемнің (шөгудің, тығыздалудың) жоғалуына, жойылуға немесе бұзылуға (құрғау, сулану, шіру, өздігінен өртену және т.б.) әкеп соқтыруы мүмкін температураның, ылғалдың немесе багаждың ерекше қасиеттерінің және табиғи сапасының әсерінің салдарынан;

2) багаждың жоғалуының, оны құрттардың, кеміргіштердің, жәндіктердің және т.б. зақымдауының салдарынан;

3) багажды әуе кемесіне жүктеу үшін жеткізу кезінде және багаждың әуе көлігінен түсіргеннен кейін орын алған багаждың жоғалуының, зақымдануының, жетіспеуінің салдарынан.

6.5. Сақтанушының жолаушыны немесе багажды жеткізу мерзімін бұзуына, рейсті өзгертуге байланысты жауапкершілігі сақтандырумен өтелмейді.

6.6. Егер сақтандыру жағдайы төменде көрсетілген жағдаяттардың салдарынан орын алса, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілермен белгіленген тәртіпте қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылатын, сақтандыру жағдайымен себепті байланысы бар іс-әрекеттері;

6.7. Төменде көрсетілгендердің салдарынан туындаған залал өтелмейді:

1) қандай да бір жағдаяттарда оларды сақтанушы орындай алмайтын тасымалдау ережесі арнайы шарттарды, мерзімдерді талап ететін тез бұзылатын жүктерді тасымалдау;

2) жүктерді құрттардың, кеміргіштердің, жәндіктердің зақымдауы;

3) сақтанушының еркіні байланысты емес себептермен жүкті жеткізу мерзімдерін бұзу.

6.8. Осы Ереже бойынша төменде көрсетілгендердің салдарынан жүк иелеріне келген зиян өтелмейді:

1) тауарларды кіргізу, шығару немесе тауар транзиті тәртібіне қатысты, оның ішінде Сақтанушы жүкті тасымалдауға қабылдағаннан кейін күшіне енген сапа сертификатын талап ететін халықаралық актілерді, ережелерді, нұсқаулықтарды және т.с.с. қабылдау;

2) жүктің жойылуына немесе бұзылуына (кебу, сулану, шіру, өздігінен жану және т.с.с.) әкеп соқтыруы мүмкін температураның, ылғалдың немесе жүктің ерекше сипаттары мен табиғи сапасына әсер етуі;

3) жүкті әуе кемесіне жүктеу тасымалдау кезінде және әуе кемесінен жүкті түсіргеннен кейін орын алған жүктің жоғалуы, зақымдануы, жетіспеуі;

4) жүкті тиісінше қаптамау немесе тығындау немесе жүкті зақымданған күйде жіберу;

5) жүктің сыртқа қаптамасы бүтін және жүкті жіберушінің пломбалары бұзылмаған кезде жүктің жетіспеуі.

6.9. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, төменде көрсетілгендермен байланысты Сақтанушының сақтандыру жауапкершілігі өтелмейді:

1) бағалы жүктер (бағалы металдардың құймалары мен солардан жасалған бұйымдар; асыл тастар және зергерлік бұйымдар; банкноттар мен монеталар; облигациялар, төлем құралдары және өзге түрдегі бағалы қағаздар; өнер туындылары және т.б.);

2) жануарлар, құстар, рептилиялар, жәндіктер және т.с.с.

6.10. Ережеде және Сақтандыру шартында көзделген себептер бойынша Сақтандырушыны Сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден азат ету – бір мезгілде Сақтандырушыны Пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеуден де азат етеді.

6.11. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмесе, Сақтандыру шартының талаптарымен сақтандыру төлемін төлеудің басқа да негіздері қарастырылуы мүмкін.

6.12. Дауды сақтандыру омбудсманы реттеген жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылушы) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен сотта Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жөнінде дауласуы мүмкін.

6.13. Сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы қабылдағаннан кейін ол жөнінде Сақтанушыға жазбаша түрде, бас тартудың негізді себептерін көрсете отырып және Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы бар екені туралы хабарлайды.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ

7.1. Сақтандыру шарты он екі ай мерзімге жасалады және сақтандыру сыйлықақысы (немесе оның алғашқы бөлігі) Сақтандырушының шотына келіп түскен немесе қолма-қол ақшамен кассасына төленген күннің ертесі күнгі сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді. Тараптардың келісімімен Сақтандыру шарты он екі айдан аз мерзімге жасалуы мүмкін.

7.2. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандырушының жолаушының алдындағы жауапкершілігі келесілерге қатысты басталады:

а) жолаушының өмірі мен денсаулығына қатысты – жолаушы әуе кемесіне отырған (трапқа шыққан) сәттен бастап әуе кемесінен түскен (траптан түскен) сәтке дейін;

б) жолаушының мүлкіне (багажына) қатысты – мүлкін (багажын) әуе кемесіне кіргізген (багажға өткізген) сәттен бастап оны әуе кемесінен алып шыққан (багажды берген) сәтке дейін.

7.3. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандырушының жүкті жіберушінің алдындағы жауапкершілігі жүкті әуемен тасымалдауға қабылдаған сәттен басталады және оны жүкті алушыға берген немесе белгіленген ережелерге сәйкес оны басқа тұлғаға берген сәтке дейін қолданылады.

7.4. Сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін төлеген кезде Сақтандыру шарты өз қолданысын тоқтатпайды, ал сақтандыру қорғанысы Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін, франшиза туралы шартты қолдануды ескере отырып, Сақтандыру шартында келісілген сақтандыру сомасы мен төленген сақтандыру төлемінің мөлшері арасындағы айырмашылыққа тең сақтандыру сомасының мөлшерінде өз күшін сақтайды.

7.5. Сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген кезде, кезекті сақтандыру жарнасы Сақтандыру шартында белгіленген күнге келіп түспеген жағдайда, Сақтандыру шартының қолданысы мен сақтандыру қорғанысы сақтандыру жарнасы келіп түскен күнге дейін уақытша тоқтатылады. Сақтандыру шарты келісілген күннен кейін 10 (Он) жұмыс күні ішінде келіп түспеген жағдайда Сақтандыру шарты өз қолданысын тоқтатады.

7.6. Сақтандыру шартында көрсетілген, сақтандыру мерзімінің аяқталу сәтінде әуеде (рейсте) болған әуе кемесі жерге қонған сәтке дейін ол әуе кемесіне қатысты сақтандыру мерзімін ұзарту Сақтандыру шартында қарастырылуы мүмкін.

7.7. Сақтандыру шарты бұрынғыдай шарттармен жаңа мерзімге қайта жасалуы мүмкін. Сақтандыру шартын сақтандыру қорғанысының кезеңін үзбей жаңа мерзімге жасау үшін Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын төлеу үшін 10 күнтізбелік күндік жеңілдік кезеңі беріледі. Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жаңа мерзімге жасау ниеті туралы хабарлау арқылы алдын ала жасаған жазбаша жүгінуі және жеңілдік кезең аяқталғанға дейін белгіленген мөлшерде сақтандыру сыйлықақысын немесе алғашқы сақтандыру жарнасын шұғыл төлеуі – аталған жеңілдік кезең ішінде басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін төлеу шарттары болып табылады.

7.8. Сақтандыру өтемінің аумағы Сақтандыру шартында көрсетілген елдердің аумағында әуе кемесінің ұшу аймақтарының аумағымен шектеледі. Сақтандыру шартының қолданысы бойынша географиялық шегі Тараптардың келісімен кеңейтілуі де, шектелуі де мүмкін. Кез келген жағдайда да сақтандыру өтемінің аумағы Сақтандыру шартында көрсетіледі.

7.9. Әуе кемесін, жолаушылардың өмірін құтқару мақсатында және ұшу қауіпсіздігін одан әрі қамтамасыз етуден туындаған жағдайда белгіленген бағыттан шығып кету – Сақтандыру шартының талаптарын бұзу болып табылмайды.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

8.1. Сақтандыру шарты Сақтандырушы белгілеген формада толтырылған және Сақтандыру шартының ажыратылмас бөлігі болып табылатын Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде жасалады. Өтінішті толтыру кезінде Сақтанушы сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын анықтау үшін маңызды мәні бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы, оның ішінде әуе кемесінің кімге тиістілігі, оның күй-жайына, оны пайдаланудың мақсатына және жиілігіне, қозғалтқышының ресурсына, ұшу сағатына (атқарылған жұмыс көлеміне) экипаждың біліктілігіне, ұшу географиясына және т.б. әсер ететін мән-жайлар туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Сақтанушы өзі берген деректердің шынайылығы үшін жауапты болады.

8.2. Сақтандыру туралы өтінішпен қатар, Сақтанушы Сақтандырушыға келесідей құжаттардың көшірмелерін өткізуге міндетті:

- 1) эксплуатанттың сертификатының көшірмесі;
- 2) әуе кемесіне меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері (әуе көлігін сатып алу-сату келісімшарты, тендер өткізу туралы хаттама және т.б.);
- 3) мүлктік жалдауды, лизингіні, сенімгерлік басқаруды, сонымен қатар әуе көлігін басқалай пайдалануды растайтын құжаттардың көшірмесі;
- 4) әуе кемесіне меншік құқығын, мүлктік жалдауды, лизингіні, сенімгерлік басқаруды, сонымен қатар әуе кемесін басқалай пайдалануды растайтын құжаттарға қабылдау-өткізу актінің көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің әуе көлігін меншікке сатып алуға, мүлктік жалға алуға, лизингіге, сенімгерлікпен басқаруға, сондай-ақ әуе көлігін басқалай пайдалануға рұқсаты (азаматтық авиация ұйымдары, Қазақстан Республикасының резиденттері үшін);
- 6) әуе кемесінің техникалық жағдайын тексеру және жарамдылығын айқындау акті;
- 7) ұшуға жарамдылығы туралы сертификат (әуе көлігін ұшуға пайдаланған кезде);
- 8) әуе кемесінің түрінің сертификаты (аса жеңіл авиацияның әуе кемесі үшін экзemplяр сертификаты немесе түрінің сертификаты).

8.3. Сақтандырушы келесілерді қосымша сұратуға құқылы:

- 1) борт журналы (ұшақтың/тікұшақтың борт журналы, ұшақтың/тікұшақтың санитарлық борт журналы);
- 2) борт радиостанциясы лицензиясының көшірмесі;
- 3) ұшуға пайдалану бойынша нұсқаулық;
- 4) эксплуатанттың ұшу шаралары бойынша нұсқаулық;
- 5) ұшу шараларын орындау үшін қажет, Қазақстан Республикасының заңнамаларының және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының талаптарымен көзделген аэронавигациялық және басқа да құжаттары.

8.4. Сақтандыру шартын жасау үшін Сақтандырушы сақтандыру тәуекелінің дәрежесін сипаттайтын қосымша құжаттарды сұратуы мүмкін. Сақтандырушы себептерін түсіндірместен Сақтанушымен Сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.

8.5. Сақтандыру шарты жазбаша немесе электрондық түрде жасалады.

8.6. Сақтандыру шарты белгілі бер кезеңге немесе нақты рейске жасалуы мүмкін.

8.7. Сақтандыру шартын жасау үшін Сақтанушы әуе кемесін тексеру үшін Сақтандырушыға ұсынуға міндетті. Сақтандырушының шешімі бойынша Сақтандыру шарты алдын ала тексерусіз да жасалуы мүмкін.

8.8. Егер Сақтандыру шартын жасау барысында пайдалану қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін ақаулар анықталса, онда ол әуе кемесі мен азаматтық-құқықтық жауапкершілік сақтандыруға аталған ақауларды жөндегеннен кейін ғана қабылдануы мүмкін.

8.9. Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде Сақтанушы шұғыл түрде, бірақ әрқандай жағдайда да өзі білген немесе білуі тиіс болған сәттен бастап 3 (Үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Сақтандыру шарты жасалғаннан кейін орын алған тәуекел дәрежесінің едәуір өзгергені туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.

8.10. Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан келетін ықтимал залалдардың мөлшерін айқындау үшін, және егер олар Сақтандыру шартын жасау сәтінде болған болса, Сақтандырушының Сақтандыру шартын жасау туралы шешіміне немесе Сақтандыру шартының нақты ережелеріне ықпал етуі мүмкін болған маңызды өзгерістер – едәуір өзгерістер деп танылады.

8.11. Сақтандыру тәуекелі дәрежесінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар туралы ақпаратты алған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді, оның ішінде Сақтандыру шартын тоқтатуды немесе артқан тәуекелге тең мөлшерде қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

8.12. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы.

8.13. Сақтанушы осы тараумен көзделген міндеттерін орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы.

8.14. Сақтандыру тәуекелінің артуына ықпал етуі мүмкін мән-жайлар жойылған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

8.15. Сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде оған Сақтандыру шартының дубликатын беруге міндетті. Сақтандыру шартының дубликатын әзірлеуге кететін шығындарды Сақтанушы өтейді, бұл орайда шығындарды өтеудің жалпы сомасы өтініш берген күнгі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген 0,5 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

8.16. Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс шарттардың толық болмағаны үшін жауапкершілік Сақтандырушыға артылады. Сақтандыру шартының жекелеген шарттарының толық болмауының салдарынан Шарт бойынша дау туындаған жағдайда, ол дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.

9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

9.1. Үшінші тұлғалардың мүлкіне келтірілген залал үшін сақтандыру төлемі нақты залалдың мөлшерінде, бірақ Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады.

9.2. Мүлікті бұзған кезде келтірілген зиянның мөлшері, сақтандыру жағдайы басталғанға дейін орын алған мүліктің есептелген амортизациясын (тозуын) шегере отырып, бұзылған мүлікті қалпына келтіру құнының есебіне қарай айқындалады. бұзылған мүлікті қалпына келтіру құны сақтандыру жағдайы басталған күнгі нарықтық бағаға қарай есептеледі.

9.3. Мүлікті жою кезінде келтірген зиянның мөлшері сақтандыру жағдайы басталған күнгі оның нарықтық құнына қарай айқындалады. Егер мүлікті техникалық тұрғыдан қалпына келтіру мүмкін болмаса немесе экономикалық тұрғыдан негізсіз болса, ол жойылған болып саналады. Егер мүлікті қалпына келтіруге жұмсалатын шығын мөлшері сақтандыру жағдайы басталған күнгі нарықтық

құнының 80%-нан асатын болса, онда мүлікті қалпына келтіру экономикалық тұрғыдан негізсіз деп саналады.

9.4. Мүлік толығымен жойылған/бұзылған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға келесілерді төлеуге құқылы:

1) әрі қарай пайдалануға жарамды қалдықтарының құнын шегергенде, сақтандыру жағдайы басталған сәттегі зақымданған мүліктің шынайы құнын;

2) Пайда алушы әрі қарай пайдалануға жарамды қалдықтарды Сақтандырушыға берген жағдайда сақтандыру жағдайы басталған сәттегі зақымданған мүліктің шынайы құнын. Мұндай жағдайда сақтандыру төлемі, детальдар мен агрегаттардың болмауы және/немесе зақымдануы сақтандыру жағдайына қатысы болмаған қолда жоқ (ауыстырылған) детальдар мен агрегаттардың құнын шегеріп тастап, Пайда алушы мен Сақтандырушы арасында мүлікті қабылдау-өткізу акті жасағаннан кейін төленеді.

9.5. Үшінші тұлғалардың өміріне/денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі нақты залалдың мөлшерінде, бірақ сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде төленеді. Сақтандыру төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес айқындалады.

9.6. Егер сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соқтырған оқиғаның нәтижесінде үшінші тұлғаның денсаулығы нашарласа (мүгедектік немесе мүгедектің бұрынғысынан жоғары тобын белгіленсе) немесе қаза болса, онда Сақтандырушы үшінші тұлғадан (Пайда алушыдан) келіп түскен өтініштің және тиісті құжаттардың негізінде, Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және мөлшерде сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеуге міндетті. Бұл орайда сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.

9.7. Жолаушылардың/жүк иелерінің мүлкіне залал келтірілген жағдайда сақтандыру төлемі нақты залал мөлшерінде, бірақ франшиза туралы шарттарды ескере отырып, сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайтын сомада төленеді.

9.8. Жолаушының қолында болған бұйымдарды, тіркелген багажды жоғалтқаны, олар жетіспеген немесе зақымданғаны үшін Сақтанушыға Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жауапкершілік келесідей мөлшерде жүктеледі:

1) жарияланбаған құнсыз тасымалдауға қабылданған багажды, сондай-ақ жолаушының қолында болған бұйымдарды жоғалтқаны немесе оның жетіспегені үшін – жоғалған багаждың немесе жолаушының қолында болған бұйымдардың немесе олардың жетіспейтін бөлігінің нақты құны мөлшерінде;

2) жарияланған құнмен тасымалдауға қабылданған багаждың жоғалғаны үшін – егер Сақтанушы жарияланған құн нақты құннан жоғары екенін дәлелдемесе жарияланған құн мөлшерінде;

3) багаждың немесе жолаушының қолында болған бұйымдардың зақымданғаны үшін – багаждың немесе бұйымдардың құны төмендеген сома мөлшерінде.

9.9. Жүк толығымен жойылған кезде (жүктің зақымданған жерін жөндеу немесе сақтандырылған жүкті жеткізетін жерге жеткізу экономикалық тұрғыдан тиімді болмаған кезде) Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру төлемін келесідей мөлшерде төлеуге құқылы:

1) жүк құнының мөлшерінде, бірақ франшизаны шегергенде және құтқарылған жүктің құнын шегергенде, сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде. Жеңілдікпен сатылған жүк – жүкті құтқару деп түсініледі;

2) жүк құнының мөлшерінде, бірақ Сақтанушы сақтандырылған жүкке меншік құқығын Сақтандырушыға берген жағдайда (абандон) франшизаны шегеріп, сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде.

9.10. Жүктің немесе багаждың құны оның бағасына қарай айқындалады. Ал оның бағасы уәкілетті мемлекеттік орган немесе Қазақстан Республикасы қосылған халықаралық конвенцияларға сәйкес принциптердің негізінде бекіткен ережелер (әдістеме) бойынша тасымалдау және көлік түрлеріне қарай белгіленеді.

9.11. Жолаушылардың өміріне/денсаулығына зиян келтірген кезде, бір жолаушының өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі келесідей мөлшерде (бір жолаушының өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемінің пайызымен) төленеді:

1) қаза болған кезде – 100;

2) мүгедектік белгіленген кезде: I топ – 80; II топ – 60; III топ – 40;

3) «мүгедек бала» санаты белгіленген кезде — 60;

4) жұмысқа қабілеттілігін уақытша жоғалтқан кезде – әр жұмысқа қабілетсіздік күні үшін 1 АЕК (осы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі төленген күндегі Қазақстан Республикасының заңнамалық актіне сәйкес белгіленген айлық есептік көрсеткіш), бірақ 90 күнтізбелік күннен аспайтын кезең үшін.

9.12. Егер сақтандыру жағдайына әкеп соқтырған оқиғаның нәтижесінде жолаушының денсаулығы нашарласа (мүгедектік немесе мүгедектіктің бұрынғыдан жоғары тобы белгіленсе) немесе қаза болса, онда Сақтандырушы жолаушыдан (пайда алушыдан) келіп түскен өтініштің және тиісті құжаттардың негізінде, Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және мөлшерде сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеуге міндетті. Бұл орайда сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.

9.13. Жәбірленушілердің мүлкіне келген залалдың мөлшерін Сақтандырушы Сақтанушы (Пайда алушы) және/немесе тиісті лицензиясы бар, Сақтандырушы ұсынған тәуелсіз сарапшы берген құжаттардың негізінде айқындайды.

9.14. Сақтандыру төлемі Сақтандыру шартында белгіленген франшизаны ескере отырып, жүзеге асырылады.

9.15. Жәбірленуші – пайда алушы болып табылады. Жәбірленуші – заңды тұлға үшін жәбірленушінің жазбаша түрде рәсімделген өтініші бойынша және жәбірленуші – жеке тұлға үшін нотариалды түрде куәландырылған сенімхат түрінде сақтандыру төлемі денсаулығын және/немесе мүлкін қалпына келтіру бойынша жәбірленушіге қызмет көрсеткен (көрсетіп жатқан) тұлғаға тікелей төленеді.

9.16. Үшінші тұлға қайтыс болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үшінші тұлғаның қайтыс болуына байланысты зиянның өтелуіне құқығы бар тұлға – Пайда алушы болып табылады. Жеке тұлға – жолаушы қайтыс болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның мұрагерлері – Пайда алушы болып табылады.

9.17. Егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан орын алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себептік байланысы бар қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық әрекеттер деп танылу;

9.18. Пайда алушы сақтандыру төлемін алудан бас тартқаннан және сақтанушының өзі жәбірленушіге келтірілген зиянды өтегенін растайтын құжаттарды бергеннен кейін сақтандыру төлемі Сақтанушыға төленуі мүмкін.

9.19. Егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуын, оның басталу себептерін және сақтандыру төлемін алушының құқығын растайтын қажет құжаттардың соңғысын алған және тиісті сақтандыру актіні бекіткен сәттен бастап 15 (Он бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылдайды.

9.20. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін төлейді.

9.21. Егер Сақтандыру шартында тікелей басқаша айтылмаған болса, Сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде, Сақтандыру ол жөнінде Сақтанушыға жазбаша түрде, бас тартудың уәжі негіздемесін көрсете отырып, Сақтанушы барлық қажет құжаттарды өткізген сәттен бастап 15 (он) жұмыс күні ішінде хабарлайды.

9.22. Келесідей жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы:

1) егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайын растайтын құжаттардың шынайылығына уәжді күмәні болса – қажет құжаттар ұсынылғанға дейін;

2) егер тиісті орган Сақтанушыға (Пайда алушыға), оның жұмыскерлеріне немесе уәкілетті тұлғаларына қатысты қылмыстық іс қозғаған болса және залалдардың келуіне әкеп соқтырған мән-жайларды тергеу жұмыстары жүргізіліп жатса – тергеу жұмыстары аяқталғанға дейін.

9.23. Жеке тұлғаларды ерікті сақтандыру шарттары бойынша құжаттарды қараудың және сақтандыру төлемін жүзеге асырудың шекті мерзімі Компанияға барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

9.24. Егер сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді белгіленген мерзімде қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, қосымша ақпарат не ұсынылған құжаттарға мәліметтер талап етіледі, ұйым сақтанушыны (сақтандырылушыны, пайда алушыны) сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімдерін ұзарту қажеттігінің себептерін түсіндіре отырып хабардар етеді.

9.25. Бұл ретте басқарма жеке тұлғаларды ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға арналған құжаттарды қараудың шекті мерзімі күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

9.26. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді қабылдайды және Сақтанушыға жазбаша түрде, бас тартудың уәжді негіздерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарлайды.

9.27. Дауды сақтандыру омбудсманы Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен реттеген жағдайда Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешіміне Сақтанушы (Сақтандырылушы) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға сотта шағым бере алады.

9.28. Егер осы оқиға бойынша тиісті органдар қылмыстық іс қозғаған болса, сақтандыру төлемі белгіленген тұлғаларға қатысты заңды күшіне енген сот қаулыларының (актілерінің) негізінде жүзеге асырылады.

9.29. Бір немесе бірнеше сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы Сақтандыру сомасында белгіленген сақтандыру сомасынан (жауапкершілік лимитінен) аспауы тиіс.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

10.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:

- 1) ықтимал залалдардың алдын алу немесе оларды азайту үшін қалыптасқан жағдайда ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қолдануға, оның ішінде жолаушыларды құтқару және әуе көлігін/жәбірленушілердің мүлкін сақтау шараларын қолдануға;
- 2) құзыретіне қарай тиісті органдарға және ұйымдарға (ішкі істер органдарының бөлімшелеріне, өрт сөндіру қызметінің органдарына, апат органдарына, төтенше жағдай жөніндегі агенттікке) оқиғаның басталғаны туралы шұғыл түрде хабарлауға; уәкілетті мемлекеттік және өзге құзырлы органдардың оқиғаны құжаттармен рәсімдеуін қамтамасыз етуге;
- 3) болған оқиға туралы шұғыл түрде, бірақ әрқандай жағдайда да 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, жазбаша түрде Сақтандырушыға хабарлауға;
- 4) әуе көлігін (егер ол зақымданған болса) және жәбірленушілердің мүлкін (егер қауіпсіздік мүддесіне қайшы болмаса немесе залалдың артуына әкеп соқтырмаса), олар зақымданған/жойылған сәтте қандай күйде болса, сондай күйде Сақтандырушының өкілі тексергенге дейін сақтауға;
- 5) Сақтандырушының өкіліне зақымданған әуе көлігін/жәбірленушілердің мүлкін кедергісіз тексеруді, залалдарды азайту бойынша шараларға қатысуға және әуе көлігін/жәбірленушілердің мүлкін құтқаруға қатысуды қамтамасыз етуге;
- 6) сақтандыру жағдайының басталу себептері мен мән-жайларын анықтауға Сақтандырушының өкіліне көмектесуге, оның ішінде сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы ой қалыптастыруға болатын өзіне қолжетімді барлық құжаттарды Сақтандырушыға беруге, сонымен бірге Сақтандырушының өкілінің авиациялық апатты зерттеу жөніндегі комиссияның мәжілістеріне қатысуын қамтамасыз етуге;
- 7) жәбірленуші болып саналмайтын үшінші тұлғалардан сақтандыру жағдайының нәтижесінде келген залалдарды қандай да бір өтемақысын алғаны туралы Сақтандырушыға шұғыл түрде жазбаша хабарлауға;
- 8) егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуына байланысты әрі Сақтандырушының, әрі Сақтанушының мүдделерін қорғау үшін өз өкілін тағайындау қажет деп тапқан жағдайда – аталған мүдделерді қорғау үшін Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға сенімхат немесе басқа қажет құжаттарды беруге. Сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтандырушы сотта Сақтанушының

мүддесін білдіруге немесе басқаша бұр түрде Сақтанушыны құқықтық тұрғыдан қорғауды жүзеге асыруға құқылы;

9) сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ сақтандыру жағдайынан келген залалдарды дәлелдеу, оның ішінде сараптама жүргізу үшін ақы төлеу, сарапшылардың оқиға орнына баруы, мамандарды тарту және кеңес беру, қажет құжаттарды жинау және т.с.с. міндетін өзіне алуға;

10) Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және келген залал үшін жауапты үшінші тұлғаға Сақтандырушыға өткен кері талап қою құқығын оның жүзеге асыруы үшін қажет барлық мәліметтерді хабарлауға.

10.2. Сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері қарастырылуы мүмкін.

11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

11.1. Келесідей құжаттар – сақтандыруың барлық бөлімдері үшін сақтандыру жағдайының басталғанын және залалдың мөлшерін растайтын құжаттар болып табылады:

- 1) сақтандыру жағдайы туралы өтініш;
- 2) Сақтандыру шартының көшірмесі;
- 3) әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
- 4) эксплуатант сертификатының көшірмесі;
- 5) әуе кемесіне меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмесі (әуе кемесін сатып алу-сату шарты, тендер өткізу туралы хаттама және т.б.);
- 6) мүліктік жалдауды, лизингіні, сенімгерлікпен басқаруды, сондай-ақ әуе көлігін басқалай пайдалануды растайтын құжаттардың көшірмесі;
- 7) әуе кемесіне меншік құқығын, мүліктік жалдауды, лизингіні, сенімгерлікпен басқаруды, сондай-ақ әуе кемесін басқалай пайдалануды растайтын құжаттарға жасалған қабылдау-өткізу актінің көшірмесі;
- 8) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің әуе көлігін меншікке сатып алуға, мүліктік жалға алуға, лизингіге, сенімгерлікпен басқаруға, сондай-ақ әуе кемесін басқалай пайдалануға рұқсаты (азаматтық авиация ұйымдары, Қазақстан Республикасының резиденттері үшін);
- 9) әуе кемесінің техникалық жағдайын тексеру және жарамдылығын айқындау акті;
- 10) ұшуға жарамдылығы туралы сертификат (әуе көлігін ұшуға пайдаланған кезде);
- 11) әуе кемесінің түрінің сертификаты (аса жеңіл авиацияның әуе кемесі үшін экзemplар сертификаты немесе түрінің сертификаты);
- 12) ұшуға жарамдылық сертификаты;
- 13) борт журналы (ұшақтың/тікұшақтың борт журналы, ұшақтың/тікұшақтың санитарлық борт журналы);
- 14) борт радиостанциясының лицензиясы;
- 15) құзырлы органдардың тиісті құжаттарының түпнұсқалары мен уәкілетті өкілдері куәландырған көшірмелері:
 - а) авиациялық апат болған кезде – зерттеу жүргізіп жатқан комиссиялардың, авиациялық апатқа сыныптама және есеп жүргізетін, немесе сақтандыру жағдайының басталу фактін растайтын өзге құзырлы органдардың/тұлғалардың актілері/қорытындылары;
 - б) авиациялық апат болған кезде – ведомстводан тыс мемлекеттік комиссияның қорытындысы; зерттеу жүргізіп жатқан комиссиялардың, авиациялық апатқа сыныптама және есеп жүргізетін, немесе сақтандыру жағдайының басталу фактін растайтын өзге құзырлы органдардың/тұлғалардың актілері/қорытындылары;
 - в) дүлей апат кезінде – өрт сөндіру органдарының, гидрометео қызметінің, апат қызметінің, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің бөлімшелерінің, Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиғаларды зерттейтін, сондай оқиғаларға сыныптама және есеп жүргізетін немесе сақтандыру жағдайының басталу фактін растайтын өзге құзырлы органдардың, актілері, қорытындылары;

г) үшінші тұлғалардың заңға қайшы әрекеттері кезінде – прокуратура, тергеу, жауап алу органдарының, сот органдарының, өртті қадағалау органдарының құжаттары (қылмыстық істің барысы туралы (қылмыстық іс қозғау, қылмыс іс қозғаудан бас тарту, қылмыстық істі уақытша тоқтату, қылмыстық істі тоқтату туралы) қаулылар, оқиға орнын тексеру хаттамасы, айыпталушы ретінде тарту туралы қаулы, сот үкімі), Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиғаларды зерттейтін, сондай оқиғаларға сыныптама және есеп жүргізетін немесе сақтандыру жағдайының басталу фактін растайтын өзге құзырлы органдар жасаған өзге құжаттар;

д) үшінші тұлғалардың өміріне/денсаулығына зиян келтірген кезде сондай-ақ:

16) әр дәрі-дәрмектің, емдеу шарасының атауын, қабылдауды, олардың саны мен құнын; сондай-ақ шот қойылған емдеуші дәрігердің медициналық дәрі-дәрмектерді қабылдауға, ем-шаралардан өтуге, дәрігерлердің қабылдауына тағайындамасын көрсете отырып, медициналық дәрі-дәрмектерді сатып алғанын, емдеу шараларынан өткенін, дәрігерлердің қабылдағанын растайтын дәріханалар және медициналық мекемелер берген шоттардың түпнұсқалары (фискалды, тауар чектері, төлем жасалғаны туралы түбіртектер және т.б.);

17) үшінші тұлғаға келтірілген залалдың мөлшерін және шығарған шығындарды төлеу фактін растайтын шоттардың түпнұсқалары (шот-фактуралар, фискалды және тауар чектері, төлем туралы түбіртектер және т.с.с.);

18) жерлеуге жұмсалған шығындарды растайтын шоттардың, төлем туралы түбіртектердің, фискалды чектердің түпнұсқалары;

19) жолаушылардың өміріне/денсаулығына зиян келген кезде, сондай-ақ:

а) еңбекке жарамсыздық парағының түпнұсқасы;

б) жәбірленушінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмесі; зақымданған немесе жойылған мүлікке иелік ету құқығын, оның сақтандыру төлемін алуға құқығының заңдылығын растайтын құжаттардың түпнұсқалары;

в) келген залалды айқындау бойынша тиісті лицензиясы бар тәуелсіз сарапшы жүзеге асырған сараптамалық бағалау акті – егер сондай акті жасалған болса;

г) жәбірленушіге келген зиянның сипатын, диагнозын, еңбекке жарамсыздық кезеңін көрсете отырып, тиісті медициналық мекеме берген қорытындының түпнұсқасы;

д) мүгедектік белгілеу туралы уәкілетті медициналық орган берген қорытындының түпнұсқасы;

е) қайтыс болу себептерін көрсете отырып, жәбірленушінің өлімін тіркеген медициналық мекеме берген қорытындының түпнұсқасы;

ж) қайтыс болу туралы куәліктің нотариалды түрде куәландырылған көшірмесі;

з) мұрагерлікке құқығы туралы куәліктің нотариалды түрде куәландырылған көшірмесі;

11.2. Сақтандырушы келесілерді қосымша сұратуға құқылы:

1) Ұшуға пайдалану бойынша нұсқаулық;

2) Эксплуатанттың ұшу шаралары бойынша нұсқаулық;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасының және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының ұшуды орындау үшін қажет талаптарымен қарастырылған аэронавигациялық және басқа құжаттар;

11.3. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғанын және келген залалдардың мөлшерін растайтын басқа да дәлелдемелерді беруге құқылы.

11.4. Кейбір жағдайларда егер сол құжаттардың болмауынан сақтандыру жағдайының басталу фактін анықтауға және залалдың мөлшерін айқындауға мүмкін болмайтын және сақтандыру жағдайы туралы қосымша мәліметтер алу талап етілетін жағдайда, Сақтандырушы басқа да құжаттарды беруді талап етуге құқылы.

11.5. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдағаннан кейін, қарапайым немесе уәкілетті тұлға куәландырған көшірмелер ұсынылған жағдайда (Сақтандырушының шешімі бойынша, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қарай) Сақтанушының/жәбірленушінің/Пайда алушының талабы бойынша құжаттардың түпнұсқалары тиісті тұлғаларға қайтарылуы мүмкін.

11.6. Сақтандырушы жоғарыда көрсетілген құжаттардың тізімін қысқартуға немесе нақты жағдаяттарды ескере отырып, сол құжаттардың болмауынан сақтандыру жағдайының басталу фактін анықтауға және залалдың мөлшерін айқындауға мүмкін болмаса, осы Әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру ережесінде баяндалған (Сақтандырушының уәкілетті органы

бекіткен және Сақтандыру шартын жасаған/полисті рәсімдеген күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған) қосымша құжаттарды талап етуге құқылы.

11.7. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге қабылданған құжаттардың толық тізбесі мен оларды қабылдаған дата көрсетілген анықтама беруге міндетті.

11.8. Сақтанушы осы Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған құжаттарды бермеген жағдайда Сақтандырушы шұғыл түрде, бес жұмыс күнінен кешіктірмей, жетіспеген құжаттар туралы Сақтанушыға жазбаша хабарлауға міндетті.

11.9. Егер сақтандыру жағдайының факті бойынша қылмыстық іс жүргізіп жатқан органдар қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қарастырған болса, Сақтандырушы Сақтанушыдан қылмыстық іс қозғау туралы қаулының, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының, қылмыстық істі уақытша тоқтату немесе тоқтату туралы қаулының көшірмесін сұратуға, немесе тиісті органдарға сауалхатты өзі дербес жіберуге құқылы.

12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

12.1. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан Сақтандыру ережесінің шарттары мен қолданыс тәртібін талап етуге;
- 2) Сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда оның дубликатын алуға;
- 3) егер Қазақстан Республикасының заңдарымен және сақтандыру шартымен басқалай көзделмеген болса, кез келген уақытта сақтандыру шартынан бас тартуға;
- 4) Сақтандырушының келісімімен Сақтандыру шартында әуе кемесін соған ұқсас, сондай түрдегі (модельдегі), ауыстырылып жатқан әуе кемесімен бірдей (планер, қозғалтқыш ресурсы, басқа эксплуатациялық-техникалық сипаттамалары) күйдегі әуе кемесімен ауыстыруға;
- 5) тиісті сақтандыру сыйлықақысын төлеу арқылы Сақтандыру шартына қосымша әуе кемесін енгізуге немесе оны Сақтандыру шартынан шығарып тастауға;
- 6) тәуелсіз сарапшы әзірлеген және Сақтандырушы төлеуі тиіс келген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеулермен танысуға;
- 7) Сақтандыру шартында және Сақтандыру ережесінде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;
- 8) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден немесе оның мөлшерін азайтудан бас тарту туралы шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте дауласуға.

12.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушыға Сақтандыру шартына енгізу үшін қажет мәліметтерді беруге;
- 2) сақтандыру сыйлықақыларын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге;
- 3) сақтандыру төлемінің артуына едәуір әсер етуі мүмкін мән-жайлардағы өзіне белгілі болған маңызды өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 4) әр ұшу шарасына ақаусыз, пайдалануға жарамды әуе кемесін шығаруды қамтамасыз етуге, қолданыстағы нормалар мен ережелер бойынша талап етілетін барлық қажет құжаттарды жүйелі түрде жүргізуге, және ол құжаттарды Сақтандырушының талабы бойынша соған беруге;
- 5) әуе кемесінің экипажын ұшуға жіберу кезінде нормативтік құжаттардың талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;
- 6) заңнамамен белгіленген жолаушыларды, багажды, жүктерді тасымалдау ережелерін, өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын, қауіпсіздік техникасын, пайдалану және техникалық қызмет көрсету ережесін және т.б. сақтауға;
- 7) қолданыстағы басқа да Әуе кемесі иелерінің жауапкершілігін сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 8) сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге.

12.3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтандыру шартын жасағанға дейін тасымалдаушы құралдар ретінде Сақтандыру шартына қатысатын әуе кемесінің жағдайын, оларды ұстау және пайдалану, техникалық қызмет көрсету шарттарын тексеруге, Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру жағдайын зерттеуге қатысуға және Сақтандыру шартының қолданысы кезінде Шартқа байланысты басқа жұмыстарды орындауға;
- 2) Сақтанушы хабарлаған ақпаратты, сондай-ақ оның Сақтандыру шартының талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге;
- 3) залалдың себептері мен мөлшерін айқындау мақсатында сақтандыру жағдайының мән-жайларына зерттеу жүргізуге (қажет жағдайда – мамандарды/сарапшыларды шақыру арқылы);
- 4) құзыретіне қарай, тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан сақтандыру жағдайының басталу фактін, жәбірленушілерге келген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 5) жәбірленушілердің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келген зиянның мөлшерін бағалау және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау үшін тәуелсіз сарапшының қызметін пайдалануға;
- 6) Сақтанушының Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес ықылассыз іс-әрекеттерінің белгілері анықталған (айқындалған) кезде, сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін уақытша тоқтата тұру туралы хабарлама жіберу арқылы, уақытша тоқтатқан күннен кейінгі күннен кешіктірмей, тиісті тексеру жүргізілетіні туралы көрсетіп, сақтандыру төлемін төлеуді 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейін уақытша тоқтатуға.
- 7) Сақтандыру шартында және Сақтандыру ережесінде көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толығымен немесе ішінара төлеуден бас тартуға.

12.4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны Сақтандыру ережесімен таныстыруға;
- 2) Сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда оның дубликатын беруге;
- 3) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде жүзеге асыруға;
- 4) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 15-2. бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші абзацына сәйкес Интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың Интернет ресурсын пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуге;
- 5) Сақтанушы сақтандыру жағдайы кезінде залалдардың алдын алу немесе оларды азайту мақсатында жұмсаған шығындарын өтеуге;
- 6) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге.

12.5. Пайда алушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) Сақтандыру шартын жасау кезінде және оның қолданысы кезеңінде аталған сақтандыру объектіне қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша барлық қолданыстағы/жасалатын Сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға ақпарат беруге;
- 3) Сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеу туралы талап қоюға;
- 4) Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және шарттармен сақтандыру төлемін алуға;
- 5) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы бас тартуына қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте дауласуға;
- 6) Сақтандыру шартына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жасауға.

12.6. Сақтандыру шартында Сақтандырушының, Сақтанушының, Пайда алушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ

13.1. Сақтандыру шарты келесідей жағдайларды тоқтатылады:

- 1) Сақтандыру шартының қолданыс мерзімінің аяқталуына байланысты;
- 2) сақтандыру төлемін сақтандыру сомасы мөлшерінде төлеген жағдайда;
- 3) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі артқан жағдайда сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге және/немесе қосымша сыйлықақы төлеуге келіспеген жағдайда.

4) сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктірген жағдайда.

13.2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздемелерінен басқа, Сақтандыру шарты төмендегідей жағдайларды мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) сақтандыру объектісі жойылған жағдайда;
- 2) сақтанушы мүлдіктік сақтандыру объектісін адалаған жағдайда, егер сақтандырушы сақтанушыны ауыстыруға қарсы болса, ал Сақтандыру шартында басқа шарттар көзделмеген болса;
- 3) сақтандыру жағдайының басталу ықтималы жойылған болса және сақтандыру жағдайынан басқа жағдаяттар бойынша сақтандыру тәуекелі тоқтаған болса;
- 4) сақтандырушыны мәжбүрлі тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда.

13.3. Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіздеме ретінде қарастырылған жағдаяттар туындаған сәттен бастап Сақтандыру шарты тоқтатылған болып саналады және ол жөнінде мүдделі Тарап шұғыл түрде екінші Тарапқа хабарлайды.

13.4. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтанушының, Сақтандырылушының Сақтандыру шартының талаптарын орындамауына байланысты Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде бұрын төленген сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) қайтарылмайды.

13.5. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Сақтандырушы келесілерге құқылы: 1) өзінің шығындарының өтелуіне, оған сақтанушыларды тартуға кеткен шығындарды қоса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының 25%-ы мөлшерінде; 2) сақтандыру қорғанысының қолданыс уақытына тең мөлшердегі сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне.

13.6. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, егер бас тарту 13.2. тармақта көрсетілген жағдаяттарға байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары сақтанушыға қайтарылмайды.

13.7. Егер Сақтандыру шарты Тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса, онда сақтанушы осы Ереженің 13.5. тармағының талаптарын ескере отырып, келесідей мөлшерлерде сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтарып алуға құқылы:

Сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқанға дейінгі мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен)
15 күнге дейін	15,0
16 күннен 1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

13.8. Сақтанушы – жеке тұлға Сақтандыру шартын жасаған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде одан бас тартқан жағдайда Сақтандырушы алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (Он) пайызын құрайтын Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып, Сақтанушыға-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.

13.9. Қарыз шарты бойынша қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерін оның (қарыз алушының) орындауы себебінен қарыз шартына байланысты Сақтандыру шартынан Сақтанушы – жеке тұлға бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға – жеке тұлғаға сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және Сақтандыру шартына байланысты алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (Он) пайызын құрайтын шығыстарды шегере отырып, алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтаруға міндетті.

13.10. Сақтанушы Сақтандыру шартын ықтимал бұзу күнінен 30 (Отыз) күнтізбелік күн бұрын міндетті түрде Сақтандырушыға хабарлап, сондай шешімнің себептерін көрсете отырып, кез келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.

13.11. Егер Сақтандыру шарты оны жаңа мерзімге қайта жасау арқылы мерзімінен бұрын бұзылып жатса, Сақтандырушы өзіне келген шығындарды есепке ала отырып, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге және бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының қалдығын жаңа Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының есебіне жазуға құқылы. Бұл ретте, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сома қалдығын шегере отырып төлейді.

13.12. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандыру шартын бұзудың басқа негіздемелері мен шарттары да қарастырылуы мүмкін.

13.13. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзудың барлық жағдайларында Сақтанушы қолданысы Сақтанушының Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша өтініші келіп түскен және/немесе Сақтанушы (Сақтандырылушы) заңнамада және осы Ережеде көзделген өз міндеттерін орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап тоқтатылатын Сақтандыру шартын (полисті) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

14. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ

14.1. Сақтанушы Сақтандырушыда сақтандырылып жатқан сақтандыру тәуекеліне қатысты басқа сақтандыру ұйымдарымен жасалған барлық Сақтандыру келісімшарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауы тиіс.

14.2. Әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін екі жақты сақтандырған кезде әр Сақтандырушы Сақтанушымен жасалған Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін төлейді, алайда Сақтанушы барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы жәбірленушілерге келтірілген нақты залалдың мөлшерінен аспауы тиіс.

14.3. Келген залалды басқа Сақтандырушылардың өтеуіне байланысты сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара азат етілген Сақтандырушы келген шығындарды алып тастап, сақтандыру сыйлықақысының тиісті бөлігін Сақтанушыға қайтаруға міндетті.

15. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

15.1. Сақтанушының залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы Сақтандыру келісімшарты бойынша сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушыға сол соманың шеңберінде өтеді. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде өзіндегі сол талаптың құқығын іске асыру үшін қажет құжаттарды сақтандырушыға беруге міндетті (сақтандыру төлемін төлеу үшін).

15.2. Сақтанушы жоғарыда көрсетілген тұлғаға наразылық білдіруден немесе оған талабын іске асыруды қамтамасыз ететін құқықтардан бас тартқан кезде, сондай-ақ Сақтандырушыға кері талап қою

үшін қажет құжаттарды беруден бас тартқан кезде Сақтандырушы залал келтірген тұлғадан кері талап тәртібінде өндіріп алуы мүмкін сақтандыру төлемінің бөлігін төлеуден азат етіледі.

15.3. Сақтанушы сақтандыру төлемі көлемінен асатын залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығын азаматтық заңнамада белгіленген тәртіпте Сақтандырушыға шегінуге, сондай-ақ ол тұлғаға өзге талаптарды шегінуге құқылы. Ол құқықтардың өтуі Сақтандыру шартында рәсімделуі мүмкін.

15.4. Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушының келісімімен Сақтандырылған объектіге өзінің құқықтарын Сақтандырушыға шегінуі және сақтандыру төлемін сақтандыру сомасының көлемінде алуы мүмкін.

16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

16.1. Осы Ережеде тікелей реттелмеген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

16.2. Сақтандыру шартын іске асыру барысында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді. Егер келіссөздер нәтижелі болмаса, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте, Сақтандырушы орналасқан жер бойынша Шарттық соттылыққа сәйкес шешіледі.

17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

17.1. Сақтандыру шартының ережелерін өзгерту немесе Сақтандыру шартына толықтырулар енгізу Сақтанушы мен Сақтандырушының өзара келісімі бойынша енгізіледі. Сақтандыру шартында өзгертулер енгізу үшін Пайда алушының міндетті түрде келісімін алу қажеттілігі де қарастырылуы мүмкін. Сақтандыру шартына енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, қосымша келісім арқылы рәсімделеді. Егер келісімде басқалай айтылмаған болса, өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген Сақтандыру шарты екі Тарап та қосымша келісімге қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

17.2. Сақтандырушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы мен Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы арасында сәйкессіздіктер болған жағдайда Тараптардың келісімімен Сақтандырушы Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясын қабылдауға құқылы.

17.3. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар келесідей жағдайларда енгізіледі:

- 1) Сақтанушыны, Сақтандырылушыны, Пайда алушыны, сақтандыру объектісін ауыстырған кезде;
- 2) сақтандыру тәуекелінің дәрежесін өзгерткен кезде;
- 3) Сақтандыру шарты бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттерін өзгерткен кезде;
- 4) сақтандыру талаптары мен Сақтандыру шартының ережелерін өзгерткен кезде.

17.4. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқалай белгіленбеген болса, бұл Ережеге өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, өзгертулер мен толықтыруларды Сақтандырушының Директорлар кеңесі міндетті түрде бекітуі арқылы енгізіледі.

17.5. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу арқылы Сақтанушы келесілерді растайды:

- 1) Сақтандырушының уәкілетті органы әзірлеген және бекіткен, сақтандыру шартын жасаған/сақтандыру полисін электрондық түрде рәсімдеген күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған Сақтандыру ережесімен өзінің келіскенін және танысқанын.
- 2) ол жүзеге асырып жатқан операция қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастырумен (жылыстатумен) және террористік қызметті қаржыландырумен, жаппай қыру қаруын таратумен және оны қаржыландырумен байланысты емес екенін.
- 3) Қазақстан Республикасының №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Сақтанушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына, өңдеуіне, сақтауына және беруіне өз келісім бергенін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісім бергенін:
 - а) Сақтандырушының «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) деректерді алуға;

- б) мемлекеттік деректер қоры иелерінің Бюроға Сақтанушы (сақтандырылушы, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;
- в) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтанушы, Сақтандырылушы (Пайда алушы) туралы өзінде бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге;
- г) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;
- д) Сақтандырушының қызметі мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.
- 17.6. Сақтандырушы дербес деректерді сақтау мерзімін келешекте дербес деректерді сақтаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың/Полистің және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.
- 17.7. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) жазбаша келісімін, оның ішінде Ереженің 17.5. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімін талап етуге міндетті.
- 17.8. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде Ереженің 17.5. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады.
- 17.9. Қажет жағдайда Сақтанушы Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар жөніндегі заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Сақтандырушы сұратқан барлық қажет құжаттарды беруге міндеттенеді.

Сілтеме. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылдың 27 желтоқсанындағы №88 «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №198 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына (9.23-9.25 тармақтарға) өзгертулер мен толықтырулар енгізілген (2025 жылдың 1 сәуірінен бастап күшіне енеді).

Әуе көлігі иелерінің
азаматтық-құқықтық жауапкершілігін
ерікті сақтандыру ережесіне
№1 Қосымша

ШУ ТӘУЕКЕЛДЕРІН, ЛАСТАУДЫ ЖӘНЕ БАСҚА ҰҚСАС ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ШЫҒАРЫП ТАСТАУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕ

1 Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушыға төменде көрсетілген оқиғалардың нәтижесінде немесе соларға байланысты тікелей немесе жанама түрде туындаған залалдарға қатысты өз міндеттемелері бойынша жауапкершілік артылмайды және ол сақтандыру өтемақысын төлеуден босатылады:

- 1) шу (оны адамның құлағы ести ме, естімей ме, оған қарамастан), діріл, дыбыс толқынының соққысы немесе соған байланысты кез келген құбылыс;
- 2) кез келген түрдегі шығындылар мен ластаулар;
- 3) электрдің және электр магниттің әсері;
- 4) мүлікті пайдалану мүмкіндігі.

Егер ол оқиға қираудың, өрттің, жарылыстың немесе соқтығыстың, немесе ұшу кезінде тіркелген әуе кемесінде штаттан тыс жағдай туындатқан апаттың салдары болып табылмаса.

2 Осы ескертпенің 1-тармағымен шығарып тасталған немесе Сақтандыру шарты бойынша өтелуі тиіс наразылықтар бойынша Сақтанушының мүдделерін тергеу немесе қорғау бойынша, олар 1-тармақпен шығарып тасталған наразылықтармен біріктірілген жағдайда (төменде – «Біріктірілген наразылықтар» деп көрсетілген), Сақтандырушы Сақтандыру шартының кез келген тармағымен қарастырылған кез келген міндеттерінен азат етіледі.

3 Кез келген біріктірілген наразылықтар бойынша Сақтандырушы (залалдың дәлелдемелері болған кезде және Сақтандыру шарты бойынша лимиттерді ескере отырып) Сақтанушыға келесілерді өтейді:

- 1) сот шешімі бойынша келтірілген зиян үшін өтемақы төлеу нәтижесінде Сақтанушыға келген залалдар, сондай-ақ
- 2) Сақтанушыға келген сот шығындары мен шығыстар, бірақ Сақтандыру шарты бойынша өтелуі тиіс наразылықтарға жатқызылуы мүмкін бөлігінде ғана.

4 Ядролық тәуекелдерді шығарып тастау туралы кез келген ескертпенің немесе Сақтандыру шартына қоса тіркелген немесе соның бөлігі болып табылатын басқа шығарып тасталатын ескертпенің алдында бұл ескертпенің шарттарының басымдылық заңдық күші болмайды.

5

Әуе көлігі иелерінің
азаматтық-құқықтық жауапкершілігін
ерікті сақтандыру ережесіне
№2 Қосымша

ЯДРОЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫНАН ШЫҒАРЫП ТАСТАУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕ

1. Сақтандыру шарттарына сәйкес төменде көрсетілген оқиғалардың салдарынан кез келген мүліктің жойылуы немесе зақымдануы – сақтандыру жағдайы болып саналмайды:

1) радиоактивті, уытты, жарылғыш немесе басқа да кез келген жарылуға қауіпті ядролық құрылғының немесе оның ядролық құрамдас бөлшектерінің қауіпті сипаттары;

2. радиоактивті қасиеттер немесе радиоактивті қасиеттердің уытты, жарылғыш немесе басқа да қауіпті қасиеттерімен, жүк ретінде тасымалдау кезінде кез келген басқа радиоактивті материалдармен өзара әрекеті, оған сондай материалдарды сақтау және тиеу-түсіру жұмыстарын қоса;

3. иондалған радиация немесе кез келген басқа радиоактивтілік көзінен немесе уытты, жарылғыш немесе кез келген басқа радиоактивті көздердің басқа да қауіпті қасиеттерінен радиоактивпен ластану.

4. Радиоактивті материалдарға немесе радиоактивті көздерге келесілер жатпайды:

1) қуаты азайтылған уран немесе кез келген формадағы табиғи уран;
2) өңдеудің соңғы кезеңіне жеткен және ғылым, медицина, ауыл шаруашылық, білім беру немесе өндірістік мақсаттарында пайдалануға жарамды радиоизотоптар.

5. Бұл ережемен кез келген мүліктің жойылуы немесе зақымдануы – төменде көрсетілген оқиғаларға байланысты сақтандыру жағдайы болып саналмайды:

1) Сақтанушы басқа Сақтандыру шарттары бойынша, оған атом қуатын пайдалануға байланысты зиян келтіргені үшін Жауапкершілікті сақтандыру шартын қоса, Сақтандырылушы тұлға немесе серіктес Сақтандырушы болып табылады;

2) Кез келген жеке тұлға немесе ұйым (Сақтанушыдан басқа) Сақтандырылған әуе кемелері пайдаланылып жатқан елдердің заңнамаларына сәйкес қаржылық қорғанысты қамтамасыз етуге міндетті;

3) Егер сақтанушы сол объектіге қатысты қолданылмағанда, Сақтанушы кез келген үкіметтің немесе соның ұйымының оған залалдарды өтеуіне құқылы.

6. Радиоактивті материалдың немесе радиоактивті көздердің әсерінен туындаған апаттың нәтижесінде кез келген мүліктің жойылуы, зақымдануы немесе жоғалуы төмендегідей жағдаяттарда сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылуы мүмкін:

1) қандай да бір радиоактивті материалды жүк ретінде тасымалдау, оған оны сақтауды және тиеу-түсіру жұмыстарын қоса, ІАТА-ның «Қауіпті жүктерді әуемен қауіпсіз тасымалдау бойынша техникалық нұсқаулығына» сәйкес немесе заңнаманың қатаң талаптарына сәйкес;

2) жоғарыда көрсетілген апат сақтандырудың қолданысы кезінде орын алған және сақтандыру туралы өтініш Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мерзім ішінде келіп түседі;

3) радиоактивті ластанудың деңгейі максималды рауалы деңгейден асады:

Сәулелендіргіш (МАГАТЭ-нің қауіпсіздік нормалары)	Жер қабатын радиоактивті ластанудың максималды рауалы деңгейі (300 см ² астам алаң бойынша орташаландырылған)
Бета, гамма сәулелендіргіштер, сондай-ақ уыттылығы төмен альфа-сәулелендіргіштер	ең көбі 4 Бк\см ² (0,1 нКи\см ²)
Барлық басқа сәулелендіргіштер	ең көбі 0,4 Бк\см ² (0,01 нКи\см ²)

4) осы ескертпенің 4-тармағына сәйкес жүзеге асырылған сақтандырудың қолданысы Сақтандырушы Сақтанушыға тоқтату туралы жазбаша түрде хабарлаған сәттен бастап 7 тәулік ішінде тоқтатылуы мүмкін.

Әуе көлігі иелерінің
азаматтық-құқықтық жауапкершілігін
ерікті сақтандыру ережесіне
№3 Қосымша

ӘСКЕРИ ТӘУЕКЕЛДЕРДЕН, ҰРЛАП АЙДАП ӘКЕТУДЕН ЖӘНЕ БАСҚА ҚАУІПТЕРДЕН САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫНАН ШЫҒАРЫП ТАСТАУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕ

1. Төменде көрсетілген оқиғалардың салдарынан туындаған апаттардың нәтижесінде кез келген зиян келтірілгені үшін кез келген мүліктің жойылуы немесе зақымдануы – Сақтандыру ережесіне сәйкес сақтандыру жағдайы болып саналмайды:

1) соғыс, интервенция, шетелдік дұшпандардың актілері, әскери қимылдар (соғыс жариялау арқылы немесе соғыс жарияламай), азаматтық соғыс, бүлік, революция, көтеріліс, әскери жағдай, әскери биліктің немесе билікті заңсыз басып алған күштердің әрекеттері, немесе билікті заңсыз басып алу әрекеттері;

2) атомдық немесе ядролық жарықшақтануды және/немесе синтезді немесе кез келген ұқсас реакцияны, радиоактивті күшті немесе материалды қолдану арқылы кез келген қару арқылы

жарылыс жасау;

3) ереуіл, бүлік, азаматтық бағынбау актілері немесе жаппай тәртіпсіздіктер;

4) тәуелсіз мемлекеттік агенттері болып табыла ма, табылмай ма, оған қарамастан, бір немесе бірнеше тұлғаның саяси немесе террористік мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған әрекеті, ондай әрекеттердің нәтижесінде кездейсоқ немесе әдейі кез келген мүлік жойылғанына немесе зақымданғанына қарамай;

5) кез келген жаман ниеттегі әрекеттер немесе саботаж;

6) тәркілеу, мемлекеттендіру, басып алу, тыйым салу, меншіктену, қандай да бір үкіметтің (азаматтық, әскери немесе de facto қолданыстағы) немесе мемлекеттік немесе жергілікті биліктің пайдалануы үшін немесе өкімі бойынша меншігіне реквизиция жасау;

7) әуе кемесінің бортындағы және Сақтанушының келісімінсіз әрекет етуші бір немесе бір топ адамдар жүзеге асырған әуе кемесін ұрлап айдап әкету, заңсыз басып алу немесе оған немесе экипажға ұшу кезінде күштеп бақылау жүргізу (сондай басып алудың немесе бақылаудың кез келген әрекетін қоса).

2. Сонымен қатар, жоғарыда аталған оқиғалардың нәтижесінде әуе кемесі Сақтанушының бақылауынан тыс болған уақытта орын алған кез келген зиян келтіру үшін кез келген мүліктің жойылуы немесе зақымдануы – Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы болып саналмайды.

3. Сақтанушы әуе кемесін еркін түрде өз бақылауына алған, сол әуе кемесін пайдаланған немесе оған өкім жүргізген сәттен бастап әуе кемесі Сақтанушының бақылауына оралған болып саналады.

4. Бұл ретте, әуе кемесі Сақтанушының пайдалануы үшін Сақтандыру шартында белгіленген әуе кемесін пайдаланудың географиялық аумақтары шегінде болған аэродромға толығымен жарамды күйде сәтті оралуы тиіс.

5. Егер әуе кемесі өшірілген қозғалтқышпен және оған үшінші тұлғалар тарапынан мәжбүрлеусіз тұрақта тұрған жағдайда – әуе кемесі сәтті оралған болып саналады.

Әуе көлігі иелерінің
 азаматтық-құқықтық жауапкершілігін
 ерікті сақтандыру ережесіне
№4 Қосымша

**ДАТАЛАРДЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА ЖАБДЫҚТАРМЕН,
 БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАМЕН ТАҢУ КЕЗІНДЕ ОРЫН АЛҒАН АҚАУДЫҢ
 НӘТИЖЕСІНДЕ ТУЫНДАҒАН ЗАЛАЛДЫ САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ ӨТЕУ
 МІНДЕТТЕМЕСІНІҢ КӨЛЕМІНЕН ШЫҒАРЫП ТАСТАУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕ**

1. Төменде көрсетілген оқиғалардың нәтижесінде (тікелей немесе жанама түрде, толығымен немесе ішінара) немесе солардың салдарынан мүліктің зақымдануына, жоғалуына немесе жойылуына, келген шығындарға негізделген кез келген наразылық талаптар Сақтанушының міндеттемелері көлемінен шығарылып тасталады:

1) жылды, күнді немесе уақытты ауыстырғанға дейін немесе ауыстырғаннан кейін жылды, күнді немесе уақытты ауыстыруға байланысты кез келген компьютерлік жабдықтың, бағдарламалық қамтаманың, интегралдық схеманың, чиптің немесе ақпараттық технологиялық жабдықтың немесе жүйенің (Сақтанушыға немесе үшінші тұлғаға тиесілі) кез келген жылды, күнді немесе уақытты немесе ақпаратты дәл немесе толығымен ауыстырмауы;

2) жылды, күнді немесе уақытты ауыстыруға дайындау барысында немесе ауыстырудың нәтижесінде кез келген компьютерлік жабдықты, бағдарламалық қамтаманы, интегралдық схеманы, чипті немесе ақпараттық технологиялық жабдықты немесе жүйені (Сақтанушыға немесе үшінші тұлғаға тиесілі) ауыстыруды немесе жаңартуды жүзеге асыру немесе ауыстыру әрекетін жасау, немесе сондай ауыстыруға немесе жаңартуға байланысты кеңестік және басқа қызметтер көрсету;

3) кез келген әрекеттердің салдарынан кез келген мүлікті немесе кез келген түрдегі жабдықты

пайдаланудың мүмкінсіздігі, уақытты немесе күнді ауыстыруға байланысты Сақтанушының немесе кез келген үшінші тұлғаның тарапынан әрекеттер жасауға немесе шешім қабылдауға қабілетсіздігі.

2. Сақтандырушылардың осы ескертпеге жататын сақтандыру наразылықтарына қатысты басқа наразылық-талап арыз білдіру жұмыстарын зерттеу немесе жүзеге асыру міндеттеріне қатысты осы Сақтандыру шартының кез келген талаптары қабылданбайды.

Әуе көлігі иелерінің
азаматтық-құқықтық жауапкершілігін
ерікті сақтандыру ережесіне
№5 Қосымша

ГЕОРГРАФИЯЛЫҚ АУДАНДАРДЫ ШЫҒАРЫП ТАСТАУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕ

1. Төменде көрсетілген елдер мен өңірлердің аумағында туындаған әуе кемесінің жойылуы немесе зақымдануы, сондай-ақ басқа шығындары Сақтандыру ережесіне және осы Ережеге сәйкес өтелмейді:

1) Алжир, Кабинда, Бурунди, Орталық Африка Республикасы, Конго, Конго Демократиялық Республикасы, Эритрея, Эфиопия, Кот-д'Ивуар, Либерия, Нигерия, Сьерра-Леоне, Сомали, Судан;

2) Колумбия, Эквадор, Перу;

3) Ауғанстан, Шешенстан/Ингушетия, Қаулы Қарабах, Пәкістан, Йемен, Джамму және Кашмир, Непал;

4) Шри-Ланка;

5) Иран, Ирак;

6) Сақтандырылған кемеңіздің ұшу шаралары БҰҰ санкцияларына қайшы келетін кез келген ел

2. Алайда өтемақы келесілерге қолданылады:

1) егер ұшу шарасы халықаралық келісілген әуе дәлізінің ішінде орындалып жатса және I.C.A.O. ұсынысына сәйкес орындалып жатса, жоғарыда аталған елдердің аумағы арқылы ұшу.

2) және егер 72 сағат ішінде мүдделі тұлғаларға (елдерге) хабарлаған жағдайда, Сақтандырылған кеме тікелей ұшу бағыты бойынша шығарылып тасталған елге және тек форс-мажор жағдайының салдарынан ғана қонатын болса.

3. Шығарылып тасталған елдерден басқа кез келген ел, ұшу шарасынан бұрын келісілген шарттармен Сақтанушының сақтандыру өтемақысына енгізілуі мүмкін